

"Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2012 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы" қала әкімдігінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 187 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі N 1094 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 қыркүйекте N 2681 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы N 270 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 25.02.2013 N 270 қаулысымен (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1-тармағының 14-3) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5 бабының 2-тармағына сәйкес, Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2012 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2012 жылғы 11 наурыздағы № 5-2-157 тіркелген, «Семей таңы» газетінде 2012 жылғы 13 наурыздағы № 21, «Вести Семей» газетінде 2012 жылғы 13 наурыздағы № 21 сандарында жарияланған) қала әкімдігінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 187 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1–тармақ төмендегі мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:
«19) қылмыстық–атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар» .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары З. Р. Исабаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК